

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ведения функционально-стоимостного анализа. Недостаточная развитая подготовленность кадров в Казахстане неблагоприятно влияет на возможность применения ФСА в производстве. А именно нехватка специалистов в области технических дисциплин и маркетинга, а также управляющего персонала, имеющих практический опыт. И если дефицит специалистов в технических науках восполняется выпускниками программы Болашак, то недостаток менеджеров и маркетологов остается без внимания. Соответственно, для повышения эффективности и качества работы предприятий, одним из важнейших условий является подготовка данных специалистов и задачей государства является обеспечение всех необходимых условий для этого.

Список использованных источников:

1. Савицкая Г. В. Теория анализа хозяйственной деятельности: Учеб. пособие. – М.: ИНФРА-М, 2007. – 192 с.
2. Кузьмин А. М. История возникновения и развития ФСА. InvenTech, 2003. – 185 с.
3. Кузьмин, А. М. Функционально-стоимостной анализ. Концепции и перспективы / А. М. Кузьмин, Е. А. Кузьмина // Методы менеджмента качества. 2002. № 8. С. 8-14.
4. Барышников, А. А. Формы применения функционально-стоимостного анализа / А. А. Барышников, А. М. Кузьмин // Машиностроитель. 2001. № 6. С. 37-40.

ОӘК 336.71

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫ ТАЛДАУ, ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ СҰРАҚТАРЫНА

Байранбаева Жанбота Оралқызы

oralkyzy999@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп и аудит» мамандығы бойынша

1 курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші: Омашева А.Б.

Еліміздің кәсіпорындарының тұрақты және табысты жұмыс жасауына қазіргі замандағы туындап отырған түрлі қиыншылықтар кедергі келтіреді.

Кәсіпорынның меншікті капиталы кез келген коммерциялық шаруашылықтың қаржысының негізі болып саналады.

Кәсіпорынның меншікті капиталының құрылымы мен қаржы айналымы сол кәсіпорынның қаржылық қорының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Кез-келген кәсіпорынның меншікті капиталының қомақты көлемі, сол кәсіпорынның ешкімнің көмегінсіз, өзінің қаржысымен қаншалықты үздіксіз жұмыс жасай алатынын анықтайды.

Кәсіпорынның меншікті капиталы көлемі мен айналымы жайлы ақпараттар басшылыққа, қаржылық тәуелсіздігін бағалауға, дұрыс шешімдер қабылдауға, ал қолданушыларға өздерінің кәсіби шеберліктерін, біліктіліктерін арттыруға, менеджерлерге сеніп тапсырылған шаруашылықты басқаруда қолдануға болады.

Кәсіпорынның меншікті капиталын тиімді басқаруға қажетті ақпараттар қаржылық есеп беру және бухгалтерлік есеп жүргізу жүйесі арқылы жинақталады.

Меншікті капиталды қалыптастырудың және оның жұмсалуды туралы ақпараттың толық көрсетілуі, ақпараттың дұрыстығы, кәсіпорынның қаржы тұрақтылығын нығайтуға бағытталған нақты басқару шешімдерін қабылдауға тікелей септігін тигізеді.

Меншікті капитал – бұл кәсіпорынның құрылтайшыларының берген немесе таза табыстан түскен, кәсіпорынның өзінің активтерін ақшалай немесе материалды түрде қаржыландыруға жинақтаған жеке табыс көздері.

Қазақстан Республикасының қаржы Министрінің 2013 жылдың 31 қаңтарындағы «Қаржылық есептердің Ұлттық стандарттарын бекіту туралы» №50 бұйрығы бойынша «капитал» деп заңды түрде бекітілген.

Капитал дегеніміз барлық міндеттемелерін өтегеннен кейін қалған субъектің активтегі үлесі таза пайдаларынан құралады.

Осы анықтама меншікті капиталдың есебін жүргізудің тәртібін көрсетеді, бірақ капиталдың қандай бағытта жұмсалуды және табыс көздерін көрсетпейді.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша «меншікті капитал» деген термин жоқ, бірақ, осыған ұқсас шетелдік тәжірибеде «таза активтер» (netassets) деген ұғым бар.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша (IAS) капитал – кәсіпорынның барлық міндеттемелерін өтегеннен қалған активтерінің құны. Меншікті акционерлік капитал фирманың активі немесе ресурсы есебінде міндеттемелерден кейін көрсетіледі.

Меншікті акционерлік капитал компанияның таза активтеріне тең.

Меншікті капиталдың маңызын толық ашу үшін, оның құрамын анықтау қажет. Кәсіпорынның меншікті капиталы келесідей капиталдардан құралады:

- жарғылық (акционерлік) капитал;
- эмиссиялық кірістер;
 - сатып алынған меншікті үлестік құралдар;
 - резервтер;
- бөлінбеген пайда [2].

Бұл капиталдар кәсіпорын иелерінің бөлінбеген табыс ретінде, кәсіпорын қорына берген, салымдарының көлемін көрсетеді. Бұл капитал түрлерін шартты түрде жіктелуін 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Меншікті капиталдың құрылымы

Салынған капитал	Жиналған капитал	Реттеуші капитал
Тіркелген (жарғылық, акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Алынған капитал
	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	
Салынған басқа Капитал	Резервтер	Төленбеген капитал
	Бөлінбеген пайда	

Меншікті капиталдың әрқайсысы әр түрлі қызметтер атқарады.

Құрылтайшы құжаттарына және заңдылықтарға сәйкес тіркелген (үлестік) капитал жарғылық немесе үлестік немесе басқа да тіркелген капиталдың, сонымен қатар жарияланған жарналарын, бірақ әлі тіркелмеген жарғылық капиталдың көлемін сипаттайды. Бухгалтерлік есепте оның көлемі 5030 «Жарналар және үлес» деген есепте көрсетіледі.

5030 «Жарналар және үлес» деген есеп бойынша жүргізілетін жарғылық капитал кәсіпорынның тіркелген жарғылық капиталының көлемін, құрылтайшы құжаттарында анықталған үлестік жарнаның сомасын айқындайды.

Тіркелген жарғылық капиталда басты назар аударуды меншікті капиталдың құралдарымен жүргізілетін операциялар қажет етеді, олар төмендегі халықаралық стандарттармен реттеледі: ХҚЕС (IFRS) 2 «Акциялар негізінде төлем», ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты нақтылау», ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар», ХҚЕС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар: ақпараттар беру», (әрбір стандарт меншікті капиталдың операцияларының нақты белгісін анықтайды, немесе міндеттемелер бойынша есептік операцияларды енгізу) [2].

Бірлескен табыс туралы есепте меншікті капитал туралы ақпарат «Жалпы бірлескен табыс» деген азат жолда жазылған. Бірлескен табыс – меншікті капиталда есепті кезеңде шаруашылық операциялары мен басқа істердің нәтижесінде болатын өзгерістер (капиталда меншік иелерімен болатын операциялардан басқа өзгерістер кірмейді).

Меншікті капиталдың бар болуы, ондағы өзгерістер туралы ақпараттар капиталдың өзгерістері туралы есепте көрсетіледі.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары капиталдың өзгерістері туралы есептерін жүргізгенде ХҚЕС-ның бірнеше түрін бірден қолдануды ұсынады:

– ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті көрсету»

– ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты және бухгалтерлік бағалардың өзгерістері мен қателіктер»

– ХҚЕС (IAS) 12 «Табыс салығы»

– ХҚЕС (IAS) 33 «Акциядан түскен табыс»

– ХҚЕС (IAS) 37 «Қорлар, шартты міндеттемелер және шартты түрде алынған активтер»

– ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты нақтылау»

Меншікті капиталдың құрамына талдау жасағанда нарықтағы кәсіпорын стратегиясын ескеру қажет (көзделген мақсатқа жетуді жеделдету үшін меншікті капиталды құрайтын қомақты қаржымен қамтамасыз ету керек).

Сондай-ақ, кәсіпорынның меншік түрін, экономикалық жағдайын, ұйымдастыру-құқықтық құрылымын, кәсіпорын жұмыс жасайтын нарық түрін ескеру керек.

Талдау жүргізгенде жарғылық капиталды, резервтік капиталды, басқа да капиталды, олардың ең төмен деп белгіленген мөлшерін және т.б. пайдаланудың және оны құрастырудың тәртібін реттейтін қолданыстағы заңдылықтармен бекітілген нормаларын қолданған дұрыс.

Кәсіпорын капиталын пайдаланудың және оның тиімділігін бағалау үшін мындай көрсеткіштер қолданылады:

1. Қаржыға тәуелсіздігінің коэффициенті – кәсіпорын капиталының жалпы сомасының ішінде меншікті капиталдың бөлігін анықтайды.

2. Қаржыға тәуелділіктің коэффициенті – кәсіпорын капиталының жалпы сомасында заемдік капиталдың үлесін көрсетеді.

3. Қаржы тұрақтылығының коэффициенті – меншікті капиталдың сомасының көлемі жинақталған капиталдың сомасынан қаншаға артық екендігін көрсетеді.

4. Қаржылық қауіп коэффициенті – жинақталған қаржының көлемі меншікті капиталдың сомасынан қаншаға артық екендігін көрсетеді.

5. Меншікті капиталдың айналым коэффициенті – кәсіпорынның қаншалықты масштабы меншікті капиталмен қамтылатын көрсетеді

6. Меншікті капиталдың рентабельдігі (жалпы пайда) табысқа жету үшін жұмсалатын жеке ресурстардың тиімділігін анықтайды.

7. Меншікті капиталдың рентабельдігі (таза пайда) меншікті капиталдың салған әр сомымен түскен таза табыс көлемін айқындайды.

8. Меншікті капиталдың пайдамен шыққан кезеңі меншікті капиталдың таза табыс бойынша рентабельдік коэффициентіне қайтарылады.

9. Du Pont моделі бойынша меншікті капиталдың рентабельдігі:

$$ROE = (ЧП/EBT) * (EBT/EBIT) * (EBIT/Op) * (Op/A) * DFL \quad (2)$$

ЧП/EBT – салық салу;

EBT/EBIT – пайыздық берешек;

EBIT/Op – операциялық рентабельдік (ROS);

Op/A – активтердің айналымы (ресурс қайтару);

DFL – қаржы тетігінің тиімділігі.

Сонымен, меншікті капиталдың сапасын талдау кәсіпорынның есептік жүйесінің тиімділігіне тікелей байланысты. Ең алдымен, меншікті капиталдың есептік істерін қалыптастыру мақсатында жүргізілген зерттеулер – меншікті капиталдың есебінің негізі болып саналатын есеп саясатының, акционерлік қоғамдарды ұйымдастырудың белгілерінің, құнды қағаздардың эмитенттерін ақпаратпен қамтудың өте күрделі іс екендігін дәлелдеді. Кәсіпорынның меншікті капиталының есебін жетілдіру үшін өндірістік істе меншікті

капиталдан алынған үлеске жасалатын акт деген ішкі құжат енгізуді ұсынамыз. Ұсынылып отырған құжат кәсіпорынның қатысушыларының үлесінің құрылымын, олардың нақты санын, номиналдық бағасын, сонымен қатар, құнын дұрыс көрсететін құжат болады.

Баланстық теңестіруден (есептік үлгі) көріп отырғанымыздай, кәсіпорынның капиталы актив емес, пассив болып қарастырылып отырғаны ерекше маңызды, себебі: активтер меншікті капиталдың және міндемелерінің сомасына тең. Бұдан кәсіпорынның меншікті капиталының көлемі активтер мен міндеттемелердің айырмасына тең болатындығы анықталады. Кәсіпорын капиталының қозғалысын жетілдіру мақсатында, сондай-ақ, қатысушылардың арасында дивидендтердің құнын бөлу үшін кәсіпорында дивиденттерді төлеудің қарыз реестрін енгізуді ұсынамыз.

Осындай реестр арқылы кәсіпорын басшылығы, әрбір қатысушының үлесін, тіркелген капиталының мөлшерін, төленетін дивиденттер бағасын және басқа үлескерлер алдындағы қарыздарының шамасын бағалауға мүмкіндік алады.

Бұл реестрдің өзгелерден артықшылығы, құрамының көрнектілігі, кәсіпорынның жеке капиталының барлық операцияларының бір мезгілде көрсетілуі.

Кәсіпорынның меншікті капиталының есебінің сапалы түрде жүргізілуіне ішкі аудит жүйесін енгізу қажет санаймыз. Негізі аудитор барлық бухгалтерлік, қаржылық алғашқы құжаттарды тексеруде келесі бағыттарға көңіл бөледі:


- шаруашылықпен айналысатын кәсіпорынның жеке капиталының құрылымы мен құрамын сараптау;
- меншікті капиталдың қолданылуының тиімділігі;
- меншікті капиталдың көлемінің өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтау;
- меншікті капиталдың пайдалылығын рентабелдігін анықтау.

Жасалған әрекеттер арқасында табылған қателер мен алаяқтық фактілерін маңыздылығы бойынша топтастыру (біріккен тиімділігін есептегенде) және толық аудиторлық құжаттарды дайындау қажет.

Табылған қателер мен алаяқтық фактілерінің тізімдерін бір жұмыс құжатына топтастыру қажет.

Меншікті капиталдың аудиті мен есебін жинақтандыру, кәсіпорынның жетістікпен жұмыс жасауының негізі болып табылады, кірістерінің ұлғаюына, үлескерлер арасында дивиденттерді бөлуде, артық шығындарының болмауына әкеледі.

Кәсіпорынның меншікті капиталын тиімді пайдалануын жақсарту үшін меншікті капиталды жинақтау үлгісі 1-суретте (автормен құрастырылған) ұсынылады.



Сурет 1 - Кәсіпорынның меншікті капиталын ықшамдаудың ұсынылып отырған механизмі

Таңдап алынып отырған жарғылық капиталдың есебін жүргізудің тұжырымдамасы басқарушылардың шешім қабылдауы үшін қандай баланс қолдану керектігін анықтайды. Жоғарыда айтылған ұсыныстар меншікті капиталдың есебі мен талдауы туралы ақпарат дайындауды ұйымдастырудың, меншікті капиталдың есебін жүргізудің әдістерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Сонымен, меншікті капитал – бұл кәсіпорынның құрылтайшыларының берген немесе таза табыстан түскен, кәсіпорынның өзінің активтерін ақшалай немесе материалды түрде қаржыландыруға жинақтаған жеке табыс көздері.

Бухгалтерлік есепте меншікті капиталдың көлемін көрсететін «Капитал және қорлар» деген есептің 5 бөлімі қолданылады. Бухгалтерлік есептің соңы болып қаржылық есептілік құру саналады. Меншікті капитал туралы ақпарат түрлі есептік құжаттарда көрсетілген.

Дәл, нақты және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету үшін акциялар мен үлестерді шығарып алу мақсатында аналитикалық есепті жұмыс жоспарына кіргізу қажет деп санаймын. Есеп беру құжаттарын толтыруға ыңғайлы болу үшін қосымша есептеу кестелерін қолдану қажет.

Қолданылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының қаржы Министрінің 2013 жылдың 31 қаңтарындағы «Қаржылық есептердің Ұлттық стандарттарын бекіту туралы» №50 бұйрығы // <http://online.zakon.kz/>
2. Поленова С.Н. Бухгалтерский учет собственного капитала организации в зарубежной практике. Финансовый менеджмент, №4, 2012.
3. Подольский В.И., Сотникова Л.В. Бухгалтерский учет формирования капитала. «Бухгалтерский учет», № 2, 2011.